

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	<i>Қабылдау комиссиясы</i>	Стр. 1 из 4

АРНАЙЫ (ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ) ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламаларының топтары үшін: В086 – «Медицина», В087 – «Стоматология», В088 – «Педиатрия», В084 – «Мейіргер ісі», ВМ089 – «Медициналық-профилактикалық іс».

Астана 2025 ж.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	Қабылдау комиссиясы	Стр. 2 из 4

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша түсушілерге арналған бағдарламасы «Медицина», «Стоматология», «Педиатрия», «Мейіргер ісі», «Медициналық-профилактикалық іс».

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы бағдарламада келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27.07. 2007 ж.;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.

3. НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

3.1 Қысқаша ақпарат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының 2-тарауының 13-тармағына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім алушыларды қабылдау арнайы емтиханның нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады. **В084 – Мейіргер программ, В086 – Медицина, В087 – Стоматология, В088 – Педиатрия, ВМ089 – «Медициналық-профилактикалық іс»** білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар Қазақстан Республикасының кез келген медициналық университетінде тапсыруға болатын психометриялық емтихан нысанында арнайы емтихан тапсырады.

Арнайы емтихан университеттің компьютерлік кабинеттерде, офлайн форматта, порталда өткізіледі <https://ptest.amu.kz/registration.php>

3.2 Байланыс ақпараты: Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 49 А, қабылдау комиссиясы, телефон 8-7172-53-95-12, 87084942179 электрондық пошта мекенжайы: <https://ptest.amu.kz/registration.php>

3.3 Арнайы емтихан өткізу орны

Өтетін орны: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 51, 501 кабинет.

Оқуға түсушіні психометриялық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте арнайы емтихан бейне және (немесе) аудио жазбамен жарақтандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	Қабылдау комиссиясы	Стр. 3 из 4

3.4 Арнайы емтихан өткізу нысаны

Психометриялық емтиханды өткізу нысаны-тестілеу.

Тест тапсырмаларының тізбесі «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық кеңесінің отырысында бекітілген 2024 жылғы 24 мамырдағы № 6 хаттама.

Тест тапсырмалары арнаулы психометриялық емтихан материалдарын актуалдандыру жөніндегі жұмыс тобымен жаңартылды, оның құрамы Басқарма төрағасы – ректордың 05.06.2024 жылғы № 442-н/қ бұйрығымен бекітілген.

3.5 Құжаттарды тапсыру кестесі және арнайы емтихан өткізу мерзімдері

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру, ақылы негізде оқуға түсуге конкурсына қатысуға ниет білдірген тұлғалар үшін психометриялық емтиханды тіркеу және тапсыру мерзімдері 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1.

Онлайн тіркеу мерзімі	Емтихан өткізу мерзімі	Емтихан уақыты	Апелляцияға өтініштерді қабылдау	Емтиханды өткізу орны
15 маусым– 20 тамыз	20 маусым – 15 шілде (жексенбіден басқа)	10.00-11.30; 12.00-13.30; 14.00-15.30; 16.00-17.30.	Келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляция	Бейбітшілік к-сі, 51, компьютерлік кабинет 501
15 маусым– 20 тамыз	21 шілде – 20 тамыз (жексенбіден басқа)	10.00-11.30; 12.00-13.30; 14.00-15.30; 16.00-17.30.	Келесі күні сағат 13.00-ге дейін апелляция	

3.6 Арнайы емтиханға қатысуға тіркелу

Психометриялық емтиханға тіркелу сілтеме бойынша онлайн режимінде жүзеге асырылады <http://pstest.amu.kz>

Тіркеу кезінде оқуға түсуші сайтта ұсынылған емтиханды тапсыру күні мен уақытын таңдайды. Психометриялық емтихан тапсырған күні оқуға түсуші университеттің қабылдау комиссиясына салыстыру үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);
- 2) 3 x 4 см, өлшемдегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	П– 12.4
	<i>Қабылдау комиссиясы</i>	Стр. 4 из 4

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1-тармағында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың біреуінің болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

3.7 Арнайы емтиханның тест тапсырмалары

1. Эмпатия деңгейін диагностикалау (И. М. Юсупов);
2. «Психологиялық стресс шкаласы PSM-25»;
3. Дифференциалды диагностикалық сауалнама (Е. А. Климов).

3.8. Арнайы емтихан нәтижесі

Психометриялық емтихан «ӨТТІ» немесе «ӨТПЕДІ» түрінде бағаланады.

Арнайы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат ведомосімен, комиссияның хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

Арнайы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні арнайы емтиханның емтихан ведомосы түрінде жарияланады.